

"Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы" ҚБ
ОО «Казакстанский отраслевой профессиональный союз работников здравоохранения»



**Кәсіптік одақтардың заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін
жауапкершілік бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы
заңнамасының
НОРМАЛАРЫ**

НОРМЫ
**из действующего законодательства Республики Казахстан по
ответственности за воспрепятствование законной деятельности
профессиональных союзов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ:

5-бап

2. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей.

Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол берілмейді.

23-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар. Қоғамдық бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК ҰЙЫМЫНЫҢ КОНВЕНЦИЯЛАРЫ:

«Бірлестіктер бостандығы және кәсіподақтарға бірігу құқығын қорғау туралы» № 87 Конвенция

Қызметкерлер мен жұмыс берушілер қандай да бір айырмашылықсыз өз таңдауы бойынша алдын ала рұқсатсыз ұйымдар құруға, сондай-ақ мұндай ұйымдарға өздерінің жарғыларына бағынудың жалғыз шартымен кіруге құқылы.

Мемлекеттік билік бұл құқықты шектеуге немесе оның заңды жүзеге асырылуына кедергі келтіруге қабілетті кез келген араласудан бас тартады.

«Кәсіподақтарға бірігу және Ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы қағидаттарын қолдану туралы» № 98 Конвенция

Бірлестік еркіндігіне қысым жасауға, еңбекшілер ұйымдары мен кәсіпкерлерді бір-бірінің тарапынан кез келген араласу актілеріне қарсы қорғауға бағытталған кемсітушілік іс-әрекеттерге қарсы қорғауды ұсынады, сондай-ақ ұжымдық келіссөздерді көтермелеу және дамыту мақсатында шараларды айқындайды.

«Еңбекшілер өкілдері туралы» № 135 Конвенция

Бұл жұмысшыларға өз мүдделерін қорғауға, жұмысты орындау үшін кәсіби дағдылары мен қабілеттерін пайдалануға кең мүмкіндіктер береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК КОДЕКСІ:

4-бап. Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының принциптері

9) жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігу құқығын қамтамасыз ету.

22-бап. Жұмыскердің негізгі құқықтары мен міндеттері

1. жұмыскердің:

8) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, кәсіптік одақ құру, сондай-ақ оған мүше болу құқығын қоса алғанда, өзінің еңбек құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау үшін бірігуге;

9) өз өкілдері арқылы ұжымдық келіссөздерге және ұжымдық шарт жобасын әзірлеуге қатысуға, сондай-ақ қол қойылған ұжымдық шартпен танысуға құқығы бар.

158-бап. Ұжымдық шарттың қолданылу мерзімдері, аясы және тараптардың жауаптылығы

5. Тараптар өкілдерінің ұжымдық шарт жасасу, өзгерту, толықтыру жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтаруы немесе ұжымдық шарт жасасудан негізсіз бас тартуы, келіссөздер жүргізу мерзімдерін бұзуы және тиісті комиссияның жұмысын қамтамасыз етпеуі, келіссөздер жүргізу және ұжымдық шарт ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты бермеуі, сол сияқты оның талаптарын бұзуы немесе орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

«КӘСІПТІК ОДАҚТАР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ:

4-бап. Кәсіподақтар құру бостандығы

1. Кәсіподақтар өз мүшелерінің тең құқылығы негізінде құрылады. Бір сала, ұйым шеңберінде құрылатын кәсіподақтардың саны шектелмейді.

2. Барлық кәсіподақтарға тең құқықтық мүмкіндіктер беріледі.

3. Кәсіподақ құруға кедергі келтіруге, оның қызметіне қарсы іс-қимыл жасауға, сол сияқты оның істеріне заңсыз араласуға жол берілмейді.

7-бап. Азаматтарды кәсіподақтарға мүше болу белгісі бойынша кемсітуге тыйым салу

1. Кәсіподақтарға мүше болу азаматтардың Қазақстан Республикасының заңдарында кепілдік берілетін еңбек, әлеуметтік-экономикалық, саяси, жеке құқықтары мен бостандықтарына қандай да бір шектеу қоюға әкеп соқпайды.

2. Қызметкердің кәсіподаққа мүше болу, оған кіру немесе одан шығу себебі бойынша жұмысқа қабылдау, жұмыста жоғарылату кезінде кемсітуге, сондай-ақ жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға тыйым салынады.

3. Адамдарды кәсіподаққа кіруден қалыс қалуға, бір кәсіподақтан шығып, басқасына кіруге не өз бетінше кәсіподақты таратуға қорқытып немесе басқа да құқыққа сыйымсыз әрекеттермен мәжбүрлеп оларға ықпал жасауға тыйым салынады.

25-бап. Кәсіподақтар қызметінің кепілдіктері

1. Мақсаты кәсіподақтарды қандай да бір органдарға және ұйымдарға тікелей немесе жанама бағындыру немесе олардың құқықтарын шектеу болып табылатын, сондай-ақ кәсіподақтардың осы Заңда және жарғыда көзделген қызметіне кедергі келтіретін кез келген әрекеттерге тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер (бірлестіктер, қауымдастықтар, одақтар) кәсіподақ органына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын ақпаратты қоспағанда, кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғауға байланысты мәселелер бойынша ақпарат ұсынуға міндетті.

26-бап. Кәсіподақ органдарына сайланған және негізгі жұмысынан босатылмаған адамдарға кепілдіктер

1. Негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелері өздері мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз тәртіптік жазаға тартылмайды. Негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысы (төрағасы) жоғары тұрған кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз тәртіптік жауаптылыққа тартылмайды.

2. Заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайлардан басқа, негізгі жұмысынан босатылмаған, сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерімен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға осы адамдар мүшелері болып табылатын кәсіподақ органының уәжді пікірі ескеріле отырып, еңбек

шартын бұзудың жалпы тәртібі сақталған кезде жол беріледі. Заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайлардан басқа, негізгі жұмысынан босатылмаған кәсіподақ органының басшысымен (төрағасымен) еңбек шарты жоғары тұрған кәсіподақ органының уәжді пікірінсіз жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзылмайды.

5. Кәсіподақ органдарының мүшелері өз мүшелерінің мүдделеріне орай қоғамдық міндеттерді орындау үшін кәсіподақ оқуы, кәсіподақтар шақыратын съездерге (конференцияларға), сондай-ақ олардың пленумдарының, төралқаларының жұмысына делегаттар ретінде қатысуы уақытында негізгі *жұмыстан босатылады. Босату шарттары және ақы төлеу тәртібі ұжымдық шарттарда және келісімдерде көзделеді.

«ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ:

4-бап. Мемлекет және қоғамдық бірлестіктер

Мемлекет қоғамдық бірлестіктердің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер істеріне және қоғамдық бірлестіктердің мемлекет істеріне заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың міндеттерін жүктеуге жол берілмейді.

Қоғамдық бірлестіктер мемлекеттік органдармен ынтымақтасуы және өзара іс-қимыл етуі, олармен келісімдер жасасуы мүмкін, мемлекеттік органдармен шарттар бойынша олар үшін заңдарда көзделген белгілі бір жұмыстар орындауы мүмкін.

Қоғамдық бірлестіктер аппараттарының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы қолданылады.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда қоғамдық бірлестіктердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді қоғамдық бірлестіктермен келісе отырып, мемлекеттік органдар шешуі мүмкін.

22-бап. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік

Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жауап беруге әкеп соқтырады.

Қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзғандық үшін бұған кінәлі заңды және жеке тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары және қоғамдық бірлестіктердің басшы органдарының құрамына кіретін адамдар жауапты болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ:

2-бап. Азаматтық заңдардың негізгі бастаулары

1. Азаматтық заңдар өздері реттейтін қатынастарға қатысушылардың теңдігін, меншікке қол сұқпаушылықты, шарт еркіндігін, жеке істерге кімнің болса да озбырлықпен араласуына жол беруге болмайтындығын, азаматтық құқықтарды кедергісіз жүзеге асыру, нұқсан келтірілген құқықтардың қалпына келтірілуін, оларды соттың қорғауын қамтамасыз ету қажеттігін тануға негізделеді.

8-бап. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру

5. Азаматтар мен заңды тұлғалардың басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттеріне жол берілмейді.

«ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІ:

77-бап. Қоғамдық бірлестіктердің, қайырымдылық ұйымдарының заңды қызметіне кедергі келтіру

Қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ қайырымдылық ұйымдарының заңды қызметіне лауазымды адамның қызмет бабын пайдалана отырып кедергі келтіруі, сол сияқты осы бірлестіктердің заңды қызметіне лауазымды адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға әкеп соққан араласу –

екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

97-бап. Ұжымдық шарт, келісім жасасу жөнінде заңнама талаптарын бұзу

1. Ұжымдық шартты, келісімді жасасу, өзгерту немесе толықтыру жөніндегі келіссөздерге қатысудан жалтару немесе көрсетілген келіссөздерді жүргізу мерзімдерін бұзу, тиісті комиссияның жұмысын тараптар айқындаған мерзімдерде қамтамасыз етпеу –

келіссөздер жүргізуге уәкілеттік берілген тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Ұжымдық шарт, келісім жасасудан негізсіз бас тарту –

ұжымдық шарт, келісім жасасуға уәкілеттік берілген тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Ұжымдық шарт, келісім бойынша міндеттемені орындамау немесе бұзу –

ұжымдық шарт, келісім бойынша міндеттемелердің орындалмауына кінәлі тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Ұжымдық келіссөздер жүргізуге және ұжымдық шарттардың, келісімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты бермеу –

ақпараттың берілмеуіне кінәлі тұлғаларға сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы және Ұлттық денсаулық сақтау палатасы арасындағы 2020-2022 жылдарға арналған САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ:

Салалық келісім әлеуметтік әріптестіктің негізгі құқықтық актісі болып табылады және қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін, кепілдіктері мен жеңілдіктерін қорғауға, жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған

Салалық келісімнен туындайтын ережелер Тараптар үшін міндетті болып табылады, Кәсіподақтың филиалдары, Ұлттық денсаулық сақтау палатасы мен денсаулық сақтау басқармалары арасында өңірлік келісімдер және денсаулық сақтау ұйымдарындағы ұжымдық шарттар жасасу кезінде негіздеме болып, кемітуге немесе қысқартуға жатпайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ:

154-бап. Жұмыскерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі жасау

Жұмыскерлер өкілдерінің заңды қызметіне лауазымды адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып кедергі жасауы, сол сияқты олардың заңды қызметіне лауазымды адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан араласуы –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.



КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:

Статья 5.

2. Общественные объединения равны перед законом.

Не допускается незаконное вмешательство государства в дела общественных объединений и общественных объединений в дела государства, возложение на общественные объединения функций государственных органов.

Статья 23.

1. Граждане Республики Казахстан имеют право на свободу объединений. Деятельность общественных объединений регулируется законом.

КОНВЕНЦИИ МЕЖДУНАРОДНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ТРУДА:

Конвенция № 87 «О свободе объединений и защите права объединяться в профсоюзы»

Работники и работодатели без какого бы то ни было различия имеют право создавать по своему выбору организации без предварительного на то разрешения, а также право вступать в такие организации на единственном условии подчинения их уставам.

Государственные власти воздерживаются от всякого вмешательства, способного ограничить это право или воспрепятствовать его законному осуществлению.

Конвенция № 98 «О применении принципов права на объединение в профсоюзы и на ведение коллективных переговоров»

Предоставляет защиту против дискриминационных действий, направленных на ущемление свободы объединения, защиту организаций трудящихся и предпринимателей против любых актов вмешательства со стороны друг друга, а также определяет меры с целью поощрения и развития коллективных переговоров.

Конвенция № 135 «О представителях трудящихся»

Предоставляет широкие возможности трудящимся для защиты своих интересов, использования профессиональных навыков и способностей для выполнения работы.

ТРУДОВОЙ КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Статья 4. Принципы трудового законодательства Республики Казахстан.

Принципами трудового законодательства Республики Казахстан являются:

9) обеспечение права работников и работодателей на объединение для защиты своих прав и интересов.

Статья 22. Основные права и обязанности работника

1. Работник имеет право на:

8) объединение, включая право на создание профессионального союза, а также членство в нем, для предоставления и защиты своих трудовых прав и интересов, если иное не предусмотрено законами Республики Казахстан;

9) участие через своих представителей в коллективных переговорах и в разработке проекта коллективного договора, а также ознакомление с подписанным коллективным договором.

Статья 158. Ответственность сторон за неисполнение коллективного договора.

5. Уклонение представителей сторон от участия в переговорах по заключению, изменению, дополнению коллективного договора или необоснованный отказ от заключения коллективного договора, нарушение сроков проведения переговоров и необеспечение работы соответствующей комиссии, не предоставление информации, необходимой для проведения переговоров и осуществления контроля за соблюдением положений коллективного договора, а равно нарушение или невыполнение его условий влекут ответственность, установленную законами Республики Казахстан.

ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «О ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ СОЮЗАХ»:

Статья 4. Свобода создания профессиональных союзов

1. Профсоюзы создаются на основе равноправия их членов. Количество профсоюзов, создаваемых в рамках одной отрасли, организации, не ограничивается.

2. Всем профсоюзам предоставляются равные правовые возможности.

3. Воспрепятствование созданию профсоюза, противодействие его деятельности, а равно незаконное вмешательство в его дела не допускаются.

Статья 7. Запрещение дискриминации граждан по признаку принадлежности к профсоюзам

1. Принадлежность к профсоюзам не влечет за собой какого-либо ограничения трудовых, социально-экономических, политических, личных прав и свобод граждан, гарантируемых законами Республики Казахстан.

2. Запрещаются дискриминация при приеме на работу, продвижении по работе, а также расторжение трудового договора по инициативе работодателя по причине принадлежности работника к профсоюзу, вступления или выхода из него.

3. Запрещается воздействие на лиц угрозой или другими неправомерными действиями заставить их воздержаться от вступления в профсоюз, выйти из одного профсоюза и вступить в другой либо самостоятельно распустить профсоюз.

Статья 25. Гарантии деятельности профессиональных союзов

1. Запрещаются любые действия, целью которых является прямо или косвенно подчинить профсоюзы каким-либо органам и организациям или ограничить их в правах, а также препятствующие предусмотренной настоящим Законом и уставом деятельности профсоюзов.

2. Государственные органы, работодатели (объединения, ассоциации, союзы) обязаны предоставлять профсоюзному органу информацию по вопросам, связанным с защитой прав членов профсоюза, за исключением информации, охраняемой в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Статья 26. Гарантии лицам, избранным в профсоюзные органы и не освобожденным от основной работы

1. Члены выборных профсоюзных органов, не освобожденные от основной работы, не могут быть подвергнуты дисциплинарным взысканиям без мотивированного мнения профсоюзного органа, членами которого они являются. Не освобожденный от основной работы руководитель (председатель) профсоюзного органа не может быть привлечен к дисциплинарной ответственности без мотивированного мнения вышестоящего профсоюзного органа.

2. Расторжение трудового договора по инициативе работодателя с членами выборных профсоюзных органов, не освобожденными от основной работы, допускается при соблюдении общего порядка расторжения трудового договора с учетом мотивированного мнения профсоюзного органа, членами которого эти лица являются, кроме случаев ликвидации

юридического лица либо прекращения деятельности работодателя – физического лица. С не освобожденным от основной работы руководителем (председателем) профсоюзного органа не может быть расторгнут трудовой договор по инициативе работодателя без мотивированного мнения вышестоящего профсоюзного органа, кроме случаев ликвидации юридического лица либо прекращения деятельности работодателя – физического лица.

5. Члены профсоюзных органов для выполнения общественных обязанностей в интересах своих членов на время профсоюзной учебы, участия в качестве делегатов на съездах (конференциях), созываемых профсоюзами, а также в работе их пленумов, президиумов освобождаются от основной работы. Условия освобождения и порядок оплаты предусматриваются коллективными договорами и соглашениями.

ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «ОБ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОБЪЕДИНЕНИЯХ»:

Статья 4. Государство и общественные объединения

Государство обеспечивает соблюдение прав и законных интересов общественных объединений.

Не допускается незаконное вмешательство государства в дела общественных объединений и общественных объединений в дела государства, возложение на общественные объединения функций государственных органов.

Общественные объединения могут сотрудничать и взаимодействовать с государственными органами, заключая с ними соглашения, и могут по договорам с государственными органами выполнять для них определенные работы, предусмотренные законодательством.

На работников аппаратов общественных объединений распространяются трудовое законодательство Республики Казахстан, законодательство Республики Казахстан о социальном обеспечении и страховании.

Вопросы, затрагивающие интересы общественных объединений, в предусмотренных законодательными актами случаях могут решаться государственными органами по согласованию с общественными объединениями.

Статья 22. Ответственность за нарушение законодательства об общественных объединениях

Нарушение законодательства об общественных объединениях влечет ответственность в порядке, установленном законами Республики Казахстан.

Ответственность за нарушение законодательства об общественных объединениях несут виновные в этом юридические и физические лица, в том числе должностные лица государственных органов, и лица, входящие в состав руководящих органов общественных объединений.

ГРАЖДАНСКИЙ КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:

Статья 2. Основные начала гражданского законодательства

1. Гражданское законодательство основывается на признании равенства участников регулируемых им отношений, неприкосновенности собственности, свободы договора, недопустимости произвольного вмешательства кого-либо в частные дела, необходимости беспрепятственного осуществления гражданских прав, обеспечения восстановления нарушенных прав, их судебной защиты.

Статья 8. Осуществление гражданских прав

5. Не допускаются действия граждан и юридических лиц, направленные на причинение вреда другому лицу, злоупотребление правом в иных формах, а также на осуществление права в противоречии с его назначением.

КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «ОБ АДМИНИСТРАТИВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЯХ»

Статья 77. Воспрепятствование законной деятельности общественных объединений, благотворительных организаций

Воспрепятствование законной деятельности общественных объединений, а также благотворительных организаций должностным лицом с использованием служебного положения, а равно вмешательство в законную деятельность этих объединений, совершенное должностным лицом с использованием своего служебного положения, повлекшее нарушение их прав и законных интересов, –

влекут штраф в размере двухсот пятидесяти месячных расчетных показателей.

Статья 97. Уклонение от участия в переговорах по коллективному договору, соглашению

1. Уклонение от участия в переговорах по заключению, изменению или дополнению коллективного договора, соглашения или нарушение сроков проведения указанных переговоров, необеспечение работы соответствующей комиссии в определенные сторонами сроки –

влекут штраф на лиц, уполномоченных на ведение переговоров, в размере четырехсот месячных расчетных показателей.

2. Необоснованный отказ от заключения коллективного договора, соглашения –

влечет штраф на лиц, уполномоченных заключить коллективный договор, соглашение, в размере четырехсот месячных расчетных показателей.

3. Невыполнение или нарушение обязательства по коллективному договору, соглашению –

влечет штраф на лиц, виновных в невыполнении обязательств по коллективному договору, соглашению, в размере четырехсот месячных расчетных показателей.

4. Не предоставление информации, необходимой для проведения коллективных переговоров и осуществления контроля за выполнением коллективных договоров, соглашений, –

влечет штраф на лиц, виновных в не предоставлении информации, в размере восьмидесяти месячных расчетных показателей.

ОТРАСЛЕВОЕ СОГЛАШЕНИЕ между Министерством здравоохранения Республики Казахстан, Казахстанским отраслевым профессиональным союзом работников здравоохранения и Национальной палатой здравоохранения на 2020-2022 годы

Отраслевое соглашение является **основным правовым актом социального партнерства** этих Сторон, в котором предусмотрено, что Стороны будут принимать все необходимые меры по недопущению вмешательства представителей работодателя в деятельность профсоюзных организаций и их органов, а также воспрепятствования их деятельности.

Положения отраслевого соглашения, являются обязательными для Сторон, служат основой и не могут быть исключены или уменьшены при заключении региональных соглашений между филиалами Профсоюза, Национальной палаты здравоохранения и управлениями здравоохранения и коллективных договоров в организациях здравоохранения.

УГОЛОВНЫЙ КОДЕКС РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Статья 154. Воспрепятствование законной деятельности представителей работников

Воспрепятствование законной деятельности представителей работников должностным лицом с использованием своего служебного положения, а равно вмешательство в их законную деятельность, совершенное должностным лицом с использованием своего служебного положения, повлекшие существенное нарушение их прав и законных интересов, –

наказываются штрафом в размере до ста шестидесяти месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста шестидесяти часов, либо арестом на срок до сорока суток, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет.





prof@zdravunion.kz

Сверстано и напечатано в полиграфии «ZhanDos»
по заказу ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз
работников здравоохранения».
г. Нур-Султан, Есильский район, ул. Е489, д. 6, НП-12, тел: +7 (7172) 76 96 32
тираж 100 экз.
2021 год